

Көпжасар НӘРІБАЕВ, ректор:

"Ерекше мәртебе - еселі еңбек нәтижесі!"

Газет
1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады



№ 7 (1291)
қыркүйек
2000 жыл

Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Қазақстан Республикасы Президентінің ҚАУЛЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің мәртебесі туралы

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне өзін-өзі басқаратын автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілсін және ол бұдан былай Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті деп аталсын

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Алматы, 1993 жылғы 9 қаңтар,
№ 1059

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ

2000 жылғы 25 шілде

№ 1106

"Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ерекше мәртебесі туралы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ерекше мәртебесі туралы" 1993 жылғы 9 қаңтардағы №1059 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының дербес мемлекеттік жоғары оқу орны ретіндегі ерекше мәртебесі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

К.Тоқаев

ПОСТАНОВЛЕНИЕ Правительства Республики Казахстан

от 25 июля 2000 года

№ 1106

Об особом статусе Республиканского государственного предприятия
"Казахский государственный Национальный университет имени аль-Фараби"

В соответствии с Законом Республики Казахстан "Об образовании" и постановлением Президента Республики Казахстан от 9 января 1993 года №1059 "О статусе Казахского государственного Национального университета им. аль-Фараби" Правительство Республики Казахстан **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение об особом статусе Республиканского государственного предприятия "Казахский государственный Национальный университет имени аль-Фараби" как автономного государственного высшего учебного заведения.

2. Министерству образования и науки Республики Казахстан принять необходимые меры для реализации настоящего постановления.

3. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Премьер-министр
Республики Казахстан

К.Тоқаев

Қыркүйектің 12-сінде жаңа оқу жылындағы университет ректоратының кезекті мәжілісі өтті.

Ректорат төрағасы К.Нәрібаев әуелгі сөзін Үкімет қаулысымен университетімізге ерекше мәртебе берілгені туралы қуанышты хабарды жариялай отырып, бұл құрметті атақты еселі еңбектің нәтижесі екендігін, сондай-ақ келешекте де оқу-тәрбие, ғылым саласында және халықаралық байланыстарда бұрынғыдан да зор жауапкершілік жүктейтінін баса айтты.

Одан кейін күн тәртібі бойынша оқу корпустары мен жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы Өндірістік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректордың орынбасары Қ.И.Қондыбаев хабарлама жасады. Мұнда істелген істермен қатар әлі де шешімін күткен жұмыстар бар екені баяндалды.

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.А.Исаев өзі басқарып отырған Экономикалық және заң зерттеулері ғылыми орталығының жұмыстары жақында өзекті мәселелер қозғады.

Бүгінгі
санды:

Ерекше мәртебе туралы Ереже
2-3-беттер

Оқуға қабылдауда он қадам көп
4-бет

ҚазМУ-ден қанат қаққандар
5-бет

Ана тілің - арың

ҚазМУ-дің қалашығы
6-бет

Оқу. Тәжірибе. Нәтиже
(филология факультеті студенттерінің
шығармашылығы)
7-бет

Жарнама. Реклама

8-бет





Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 шілдедегі №1106 қаулысымен бекітілген

“Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті” республикалық мемлекеттік кәсіпорнының дербес мемлекеттік жоғары оқу орны ретіндегі ерекше мәртебесі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже “Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің (бұдан әрі - Университет) ерекше мәртебесін және Қазақстан Республикасының мүдделерінде Университеттің әлеуетін тиімді пайдаланудың жолдарын белгілейді.

2. Университеттің ерекше мәртебесі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің жоғары білікті мамандарды даярлаудағы, елде ғылым мен мәдениетті дамытудағы ерекше рөліне, сондай-ақ онда қалыптасқан Қазақстанда және шет елдерде кеңінен танымал беделді ғылыми мектептерді сақтаудың қажеттігіне негізделген. ҚазМУ-дың қалыптасқан ерекше ғылыми-педагогикалық әлеуеті мен оқу-материалдық базасы Университеттің Қазақстан Республикасы Президентінің “Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы” 1993 жылғы 9 қаңтардағы №1059 қаулысымен берілген дербес мемлекеттік жоғары оқу орнының мәртебесінде бекітілген Қазақстанның ғылымы мен білімі жүйесіндегі ерекше жағдайын айқындайды.

3. Университет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені және Университеттің Жарғысын басшылыққа алады.

4. Дербес жоғары оқу орны ретіндегі Университеттің міндеттері:

1) Университеттің бар жоғары әлеуетін мақсатты және толық пайдаланудың негізінде, қоғамның өркендеуіне ықпал ететін жаңа білімдерді құруды, зерделеуді және таратуды жүзеге асыратын ғылыми-білім беру кешенінің оңтайлы үлгілерін әзірлеу және іске асыру, дүниежүзілік білім беру стандарттарына сәйкес келетін оқытудың жаңа технологияларын, ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың қағидаттарын енгізу;

2) дүниежүзілік білім беру кеңістігіндегі интеграцияның неғұрлым тиімді жолдарын іздестіру және жүзеге асыру, Университеттің жетістіктерін шет елге тең құқықты ұсынуды қамтамасыз ету;

3) ғылыми-білім беру кешенін басқарудың демократиялық қағидаттарын тереңдету, академиялық еркіндікті дамыту үшін жағдай жасау болып табылады.

5. Университет көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруы кезінде:

1) ғылыми-педагогикалық әлеует пен оқу-материалдық базаны тиімді пайдаланудың негізінде, жоғары білім берудің дүниежүзілік стандартқа сәйкес тұрақты жоғары деңгейін кепілдіктендіруге;

2) Университеттің студенттерінің, оқытушыларының және қызметкерлерінің білім, адамгершілік және интеллектуалдық жағынан дамуы үшін барынша жағдай жасауды қамтамасыз етуге;

3) республикада білім беру жүйесін дамытуға ықпал ете отырып, белсенді ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру жұмысын жүргізуге;

4) білім беруді қоса алғанда, ақылы қызмет көрсетулерден алынатын қаражат пен кірістерді тиімді пайдалануды жүзеге асыруға міндетті.

6. Университет міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің “Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы” 1993 жылғы 9 қаңтардағы №1059 қаулысына және заңнамаға сәйкес:

1) “Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің оқытушылары мен қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы

17 маусымдағы №982 қаулысының 1-тармағында белгіленген коэффициентті пайдалана отырып, Университеттің құрылымы мен штатын, профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің шарттары мен мөлшерін өз бетінше белгілеуге;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен заңды тұлғалар құқығындағы мемлекеттік емес құрылымдарды, оның ішінде шет елдердегісін қоса алғанда, Университеттің білім беру ғылыми кешенінің құрамында ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын, филиалдарын және өзге де бөлімшелерді құруға;

3) жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі жүйесі бойынша мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын айқындауға, оларды оқытудың мерзімдері мен нысандарын белгілеуге, жоғары кәсіби білім беру саласындағы қолданылып жүрген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекітуге;

4) шетелдік ұйымдармен Университеттің негізгі қызметінің барлық бағыттары бойынша тікелей шарттар мен келісім-шарттар жасасуға, ғалымдар мен мамандардың уақытша ұжымдарын құруға, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне қатысуға;

5) Университеттің оқытушыларына доцент және профессор ғылыми атақтарын беру кезінде қорытынды сараптама жүргізуге құқығы бар.

7. Университет Қазақстан Республикасы Президентінің “Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің мәртебесі туралы” 1993 жылғы 9 қаңтардағы №1059 қаулысына орай және өзіне берілген ерекше мәртебеге сәйкес барлық бар негізгі қорлар мен айналымдағы қаражатқа иелік етеді, пайдаланады және билік етеді, өз қаражатының есебінен сатып алынған мүлікке өз бетінше билік етеді.

8. Мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде мамандар даярлау Университетке түскен студенттердің білім грантының немесе несиенің мөлшерін айқындау кезінде оқытуға арналған нақты шығындарды ескеретін жеке норматив бойынша, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қаржыландырудың басқа қосымша көздері заңнамада тыйым салынбаған, кірісіне Университет өз бетінше билік ететін ғылыми-өндірістік, білім беру және өзге де қызмет болып табылады.

9. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы Университет орындайтын бағдарламалардың әкімшісі болып табылады.

10. Университет өзінің негізгі қызметінде барлық мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, басқа да республикалық мекемелермен және ұйымдармен, шетелдік халықаралық білім беру және ғылыми орталықтармен тікелей байланыстар орнатады.

11. Университеттің ректорын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

12. Университеттің қызметін қоғамның мүдделерімен келісу, қаржылай қолдауды қамтамасыз ету, оның материалдық-техникалық базасын нығайту үшін, сондай-ақ интеллектуалдық әлеуетті неғұрлым тиімді пайдалану үшін Қамқоршылар кеңесі құрылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, Қамқоршылар кеңесінің құрамына ғылымның, білім берудің және мәдениеттің, шығармашылық және өзге ұйымдардың, меншіктің түрлі нысандарындағы кәсіпорындардың, қорлардың, ассоциациялардың, акционерлік қоғамдардың және басқалардың дербес жоғары оқу орны ретіндегі Университеттің проблемаларын шешуге қомақты үлес қосуға қабілетті өкілдері кіре алады.

ТРЕБУЕТСЯ ПОЛНАЯ ОТДАЧА



Ф.Б. БАИМБЕТОВ - проректор по научной работе и международным связям

использовать сложившийся в течение десятилетий уникальный научно-педагогический потенциал, усилить учебно-материальную базу.

Перед университетом, как ведущим высшим учебным заведением Республики, стоит задача разработки и реализации современных оптимальных моделей как в сфере образования, так и науки. Это - усиление научно-образовательных комплексов, в задачи которых входит изучение и распространение новых знаний, необходимых для прогресса общества, внедрения новых технологий обучения, соответствующих системе мировых образовательных стандартов. В круг задач университета также входит поиск и осуществление эффективных путей интеграции в мировое образовательное пространство, обеспечение взаимоотношений с другими учебными заведениями как страны, так и зарубежья для обмена опытом, знаниями и специалистами.

В связи с новым статусом, университет имеет право самостоятельно определять свою структуру, штаты, условия трудовых взаимоотношений, а также право определять новые направления подготовки специалистов по многоуровневой

системе, заключать прямые договора и контракты с зарубежными организациями по всем требуемым направлениям, создавать научно-исследовательские институты и центры, филиалы как в стране, так и за рубежом.

Кроме того, университет может распоряжаться всеми материальными и финансовыми ресурсами, имеющимися в собственном использовании, утверждать учебные, типовые и рабочие программы для обучения и подготовки будущих специалистов.

Особого внимания требует пункт в документе о создании Совета попечителей, в состав которого могут входить деятели науки, культуры, бизнеса и других отраслей экономики. Функция этого Совета - согласование действий университета с интересами общества, обеспечение финансовой поддержки со стороны заинтересованных структур.

Весь этот неполный перечень задач, прав и обязанностей в первую очередь свидетельствует о том, что от коллектива университета требуется не только полная отдача сил и умений, но и особый духовный настрой. Только упорный поиск новых путей, бескорыстное служение делу могут обеспечить достижение поставленных целей.

Дау тудырмайтын бір мәселе - ҚазМУ-дің қоғамымыздың жан-жақты дамуына мол үлес қосқан, материалдық-техникалық базасы сомдалған, ондаған жылдар бойы өзіне тән дәстүрін қалыптастырған бетке ұстар оқу шаңырағы екендігі.

Өз басым үкіметтің бұл әрекетін университетіміздің шын мәніндегі мәртебесін ресми түрде жариялау деп түсінер едім. Еліміз жаңа экономикалық саясатқа көшкен кезеңдерден бастап жоғары білім саласына да жаңа өзгерістер ене бастады. Яғни, коммерциялық - тәуелсіз университеттер саны көп артты. Олардың көпшілігі университет деген атауды иемденгенімен, іс жүзінде нақты университеттік білім беруге қауқарсыз болып отыр. Сондықтан, университет пен нағыз университеттің айырмашылығын айқындау мәселесі де туындап отырғаны тағы

Шын мәніндегі мәртебе

белгілі. Көш басында келе жатқан Еуропа елдерінде әлем таныған биік мәртебелі оқу орындарының да бар. Атап айтсақ, Францияда Сарбон, Англияда Кембридж, Ресейде МГУ, АҚШ-та Гарвард т.б.

Өркениетке қадам басқан еліміз үшін алға тартар білім кешенінің болуы - заңдылық.

Аумалы- төкпелі нарық заманы туған сәттерден бастап университетіміз ең басты материалдық қиындықтардан шығу жолын қарастырып, қаржы мәселелерін шешу барысында біршама дербестікке көшті. Бұл дербестік мемлекеттік мүддені көздей отырып, университеттің өзін-өзі қаржыландыруына жол ашып, өзгеге қол жаудан біршама құтқарып отыр.

Уақыт өте келе ерекше мәртебеге ие болған Ұлттық университетіміз өзекті мәселелердің шешімін тауып, атына сай ұлт үшін, Қазақстан халқының болашағы үшін мәңгілік қызмет ете алады деп сенемін.

Рысбеков Арыстан,
Халықаралық журналистика
кафедрасының 3 курс студенті



Утверждено постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 июля 2000 года №1106

ПОЛОЖЕНИЕ

об особом статусе Республиканского государственного предприятия “Казахский государственный Национальный университет имени аль-Фараби” как автономного государственного высшего учебного заведения

1. В соответствии с Законом Республики Казахстан “Об образовании” настоящее Положение определяет особый статус Казахского государственного Национального университета имени аль-Фараби (далее - Университет) и пути эффективного использования потенциала Университета в интересах Республики Казахстан.

2. Особый статус Университета обусловлен исключительной ролью Казахского государственного Национального университета имени аль-Фараби в подготовке высококвалифицированных специалистов, развитии науки и культуры в стране, а также необходимостью сохранения сформированных в нем авторитетных научных школ, широко известных в Казахстане и за рубежом. Сложившийся уникальный научно-педагогический потенциал и учебно-материальная база КазГУ определяют особое положение Университета в системе науки и образования Казахстана, которое закреплено в статусе автономного государственного высшего учебного заведения, предоставленного постановлением Президента Республики Казахстан №1059 от 9 января 1993 года “О статусе Казахского государственного Национального университета им. Аль-Фараби”.

3. В своей деятельности Университет руководствуется Законами Республики Казахстан, актами Президента Республики Казахстан, постановлениями Правительства Республики Казахстан, нормативными документами Министерства образования и науки Республики Казахстан, а также настоящим Положением и Уставом Университета.

4. Задачами Университета как автономного высшего учебного заведения являются:

1) разработка и реализация оптимальной модели научно-образовательного комплекса, осуществляющего создание, изучение и распространение новых знаний, способствующих прогрессу общества, внедрение новых технологий обучения, принципов организации научных исследований, соответствующих мировым образовательным стандартам, на основе целенаправленного и полного использования имеющегося высокого потенциала Университета;

2) поиск и осуществление наиболее эффективных путей интеграции в мировое образовательное пространство, обеспечение равноправного представления достижений Университета за рубежом;

3) углубление демократических принципов управления научно-образовательным комплексом, создание условий для развития академических свобод.

5. При осуществлении указанных задач Университет обязан:

1) гарантировать стабильно высокий уровень высшего образования, соответствующий мировым стандартам, на основе эффективного использования научно-педагогического потенциала и учебно-материальной базы;

2) обеспечивать максимальные условия для образовательного, нравственного и интеллектуального развития студентов, преподавателей и сотрудников Университета;

3) проводить активную научно-методическую и организационную работу, способствуя развитию системы образования в республике;

4) осуществлять эффективное использование средств и доходов, получаемых от платных услуг, включая образовательные.

6. Для успешного осуществления задач Университет имеет право в соответствии с постановлением Президента Республики Казахстан №1059 от 9 января 1993 года “О статусе Казахского государственного Национального университета им. Аль-Фараби” и законодательством:

1) самостоятельно определять структуру и штаты университета, условия и размеры оплаты труда профессорско-преподавательского состава и сотрудников, используя коэффициент,

установленный пунктом 1 постановления Правительства Республики Казахстан от 17 июня 1997 года № 982 “Об оплате труда преподавателей и сотрудников Казахского государственного национального университета имени Аль-Фараби”.

2) в установленном законодательством порядке создавать научно-исследовательские институты и центры, филиалы и иные подразделения, включая негосударственные структуры, на правах юридических лиц, в том числе за рубежом, в составе образовательно-научного комплекса Университета;

3) определять новые направления подготовки специалистов по многоуровневой системе высшего профессионального образования, устанавливать сроки и формы их обучения, утверждать учебные планы и программы в соответствии с действующими государственными общеобязательными стандартами в области высшего профессионального образования;

4) заключать с зарубежными организациями прямые договоры и контракты по всем направлениям основной деятельности Университета, создавать временные коллективы ученых и специалистов, участвовать в деятельности международных объединений и организаций;

5) проводить заключительную экспертизу при присвоении преподавателям Университета ученых званий доцента и профессора.

7. Университет согласно постановлению Президента Республики Казахстан №1059 от 9 января 1993 года “О статусе Казахского государственного Национального университета им. Аль-Фараби” и в соответствии с предоставленным ему особым статусом владеет, пользуется и распоряжается всеми имеющимися основными фондами и оборотными средствами, самостоятельно распоряжается имуществом, приобретенным за счет собственных средств.

8. Подготовка специалистов в рамках государственного заказа осуществляется за счет средств республиканского бюджета по индивидуальному нормативу, учитывающему реальные затраты на обучение при определении размера образовательного гранта или кредита студентов, поступивших в Университет. Другими дополнительными источниками финансирования является научно-производственная, образовательная и иная деятельность, не запрещенная законодательством, доходами от которой Университет распоряжается самостоятельно.

9. Администратором программ, выполняемых Университетом в области высшего профессионального и послевузовского образования и научных исследований, является Министерство образования и науки Республики Казахстан.

10. Университет в своей основной деятельности устанавливает прямые связи со всеми заинтересованными министерствами и ведомствами, другими республиканскими учреждениями и организациями, зарубежными международными образовательными и научными центрами.

11. Ректор Университета назначается и освобождается от своей должности Президентом Республики Казахстан.

12. Для согласования деятельности Университета с интересами общества, обеспечения финансовой поддержки, укрепления его материально-технической базы, а также для более эффективного использования интеллектуального потенциала, создается Совет попечителей. В состав Совета попечителей, утверждаемого Правительством Республики Казахстан, могут входить представители науки, образования и культуры, творческих и иных организаций, предприятий различных форм собственности, фондов, ассоциаций, акционерных обществ и др., способные вносить весомый вклад в решение проблем Университета как автономного высшего учебного заведения.

Обретение нашим университетом особого статуса радует, но в это же время ставит перед коллективом особые, более высокие задачи. Это касается как подготовки будущих специалистов, так и уровня преподавания.

Мы представляем вашему вниманию мнения профессорско-преподавательского состава университета:



Казбек Камалиевич ШУПШИБАЕВ,
начальник
отдела докторантуры,
аспирантуры
КазГУ им. Аль-Фараби,
кандидат биологических наук.

Особый статус – это особое отношение к КазГУ

Мы, конечно, все радуемся этому достижению, ведь обретение университетом особого статуса - это высокая оценка нашей работы, но в то же время - это новые, особые обязательства.

Я считаю, что это современный документ, особенно в нынешнее время, когда количество частных ВУЗов растет не по дням, а по часам.

Большому кораблю – большое плавание

Наш университет является настоящим флагманом среди всех ВУЗов не только нашей страны, но и во всем среднеазиатском регионе. Это касается не только достижений в методике подготовки качественно новых кадров, соответствующих современным требованиям, но и уровню научных изысканий, которое в нашем университете несомненно, отвечают мировым стандартам.

Если говорить о факультете, то мы в этом году переехали в новый корпус. В аудиториях произведен евроремонт и у нас имеются все возможности для хорошей работы.

Только несколько удручает малый набор на такие языки, как турецкий, хинди, фарси. Неплохой нынче набор на японский - 4 группы, китайский - 3 группы, арабский языки - 3 группы.

Для того, чтобы увеличить количество набора следует провести ряд конкретных работ. Это во время приема документов следует преподавателям не уходить в отпуск, а заниматься разъяснительными работами, искать абитуриентов, из которых в будущем могут получиться специалисты по восточным языкам.

В нынешнем году отделение персидского языка и литературы

закончили 6 специалистов по языку фарси и перед ними стала острая проблема устройства на работу. Хотя наши выпускники работают и в МИДЕ, ВУЗах и в КНБ и посольствах, следует уже думать о новых рабочих местах. В связи с этим мы планируем создать Ассоциацию восточных языков по Казахстану, или пока по городу Алматы. Неплохо было бы, если в школах, гимназиях или лицеях, колледжах города, Республики было бы поставлено преподавание таких языков, как хинди, фарси, турецкий...

В этом, безусловно, огромная заслуга профессорско-преподавательского состава КазГУ им. Аль-Фараби и его доктора, профессора, член-корр. АН РК Копжасара Нарibaевича Нарibaева, принципиального, гуманного, мудрого человека, руководителя. Я горд и рад, что работаю в этом великом флагмане науки, который известен всему миру, благодаря большим усилиям крупнейшего ученого экономиста нашей Республики Нарibaева К.Н.

Мы, профессорско-преподавательский состав, конечно, радуемся особому статусу, полученному университетом, также тому, что КазГУ стал членом европейского общества университетов.

Если говорить конкретно о



Отген КУМИСБАЕВ, зав. кафедрой Ирана факультета востоковедения, доктор филологических наук, академик, член Союза писателей РК, лауреат премии имени Оралхана Бокеева.

кафедре, то уже было пять выпусков специалистов по языку фарси. И самое интересное, многие из них стали хорошими специалистами не только по языку и литературе Ирана, но и научными сотрудниками-исследователями истории персоязычной поэзии, дипломатами-учителями восточных языков. В этом плане большие перспективы у молодежи.

И вообще перед нашим университетом, несомненно, и факультетом востоковедения стоят большие задачи. Как говорится “большому кораблю - большое плавание!”



Цифрлар мен фактілер:

ҚазМУ-ге бюджет бойынша 1330 (оның ішінде 719 грант 611 несие), ақылы түрде күндізгі бөлімге 1577, сырттайды қосқанда барлығы 3166 студент қабылданды.

ҚазМУ
университеті

Оқуға қабылдауда оң қадам көп

Биыл екінші жыл студент қатарына алу емтиханын оқуға қабылдаудың жаңа жүйесі бойынша өткізіп келеміз. Ол - талапкер білімін тексеріп іріктеуді орталықтандырылған тестілеу жүйесі. Бұл орайда бір айтатын нәрсе былтырғы тәжірибе бойынша да, биылғы байқалған жәйлар бойынша да бір орталықтан басқарылған тестілеу әлі тәжірибе, эксперимент деңгейінде деуге болады. Ең әуелі талапкерлерден құжат қабылдаудан бастап студент қатарына алу бұйрығы аралығындағы үзак процесті жұмыста әлі де жетілдіре түсетін тұстар аз емес. Осы тұрғыдан келгенде былтырғымен салыстырғанда құжат қабылдау процесінде ептеген өзгерістер бар. Мысалы, былтыр ежелден келе жатқан тәртіп бойынша техникалық хатшылар өздеріне белгіленіп берілген белгілі бір мамандықтарға ғана құжат қабылдайтын. Ал, биыл кез-келген техникалық хатшы кез-келген мамандыққа құжат қабылдайтын болды. Бұл техникалық хатшылардың бәрі бір деңгейде жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

Өткен жылы "Алтын белгі" алған талапкерлердің тізімі компьютерге енгізілмей бірден тест орталығына жіберілсе, биыл жалпы талапкерлер тізіміне енгізілді.

Биыл аймақтық комиссия мөлшері сан

Қ. АЛПЫСБАЕВ,
қабылдау комиссиясы
жауапты хатшысының
орынбасары.



жағынан да өзгеріске ие болды. Мысалы, өткен жылы Алматы қаласы бойынша құжат қабылдап, тест өткізілетін бес-ақ комиссия жұмыс істесе, биыл оның саны тоғызға жетті.

Осы тұрғыдан келгенде биылғы жылы ҚазМУ-ге құжат тапсыру мен оқуға түсуде елеулі айырмашылықтар бар. ҚазМУ аймақтық комиссиясында өткен 1999 жылы тек қана өзімізге емес ҚазМПА, ТКА, ҚазМХЦ ЭГУ, ҚазСҚА сияқты оқу орындарына түсуге талаптанушылар да құжат өткізуі қамтамасыз етілді. Ал, биыл тек қана ҚазМУ-ге түсуге келгендерден ғана құжат қабылдадық. Соған қарамай грант, несие куәліктерін жеңіп алу үшін құжат тапсырғандар әлдеқайда көп болды. Салыстырып айтсақ, ол былайша көрініс тапты:

1999 жылы бес оқу орнын қосқанда 4334 талапкер өтініш берсе, биыл тек қана ҚазМУ-ге түсуге үміттенген 4668 талапкер өтініш берді. Оның 991-і грант пен несие куәліктерін жеңіп алды. Жалпы 2000 жылы ҚазМУ-ге бюджет бойынша 1330 (оның ішінде 719 грант 611 несие), ақылы түрде күндізгі бөлімге 1577, сырттайды қосқанда барлығы 3166 студент қабылданды.



Қабылдау
комиссиясындағы
қарбалас
сәт

Давайте учимся!

Учиться никогда не поздно и всегда необходимо. За полгода 2000 года мне довелось учиться дважды: на курсах "Школы молодого преподавателя" и на семинарах профсоюза "Парасат". Учеба, как педагогическая, так и профсоюзная, была полезной и необходимой мне как преподавателю, члену профбюро истфака и председателю общественного объединения "Клуб женщин-историков "Ана".

Курсы "Школа молодого преподавателя" по программе "Педагогические инновации в вузе", были организованы кафедрой педагогики КазГУ. Руководила курсом зав.кафедрой, проф. Исаева З.А. Учеба проводилась в виде лекции, инструктивно-практических занятий, психологических практикумов и защиты творческих проектов ведущими преподавателями и методистами КазГУ. Тематика занятий была разнообразной и интересной: "Требования к профессиональной деятельности преподавателей высшей школы в современных условиях", "Педагогические инновации в современном вузе", "Дистанционное обучение", "Культура общения преподавателя вуза", "Новые информационные технологии" и др. После защиты творческих проектов были выданы Сертификаты и все обучающиеся обеспечены учебно-методическими материалами, необходимыми для деятельности каждого преподавателя вуза: "Рейтинговая система контроля знаний". Памятка для преподавателей. А., 1998; "Методическое руководство по составлению программ учебных дисциплин". Учебно-методическое пособие для преподавателей. А., 1999; "Методические аспекты организации дистанционного образования". А., 1999. и др. Циклы тренингов в рамках семинаров "Трудовое законодательство" и "Толерантность" (1-10 2000 г.) проводились профсоюзам "Парасат" КазГУ (координатор-зам. председателя профкома университета Истелюева У.Б.), общественным объединением юристов "Правовая инициатива" (тренер-Сергунина В.) и Конфликтологическим центром (тренеры-Зиминова Л., Бекмухамбетова С.) в СОЛ КазГУ. Профсоюзная учеба была организована в виде обучающих семинаров, тренингов по различным, необходимым в любой деятельности, темам: "Трудовые споры", "Индивидуальный трудовой договор", "Коллективный договор", "Учебный суд", "Восприятие", "Предрасположения", "Стереотипы", "Дискриминация", "Толерантность" и др. Семинары проходили живо, интересно, активно и захватывающе. Проводили их опытные тренеры-специалисты НПО. После завершения семинаров, тренингов всем слушателям были выданы Сертификаты и материалы в виде упражнений: "Предрасположения и их уменьшение", "Размышления об идентичности", "Обобщение"; "Может ли быть статья из "Конституции РК", Закона "О труде РК" и др.; таблиц, рисунков, схем: "Дискриминация", "Толерантность", "Факт и мнение" и др.; книги: "Основные международные документы по правам человека". Материалы и комментарии. А., 1998. Такие семинары и материалы необходимы каждому человеку.

В заключение хотелось бы поблагодарить руководителей как педагогической, так и профсоюзной учебы за хорошую организацию, профессионализм и доброжелательность декана истфака, проф. Койгельдиева М. К. и пред. профбюро, доц. Нургальмову Г.С. за то, что они направили меня на учебу. Единственное пожелание: организовывать учебу не только на русском языке, но и на казахском.

А. АХМЕТЖАНОВА,
ст. преподаватель кафедры
новой истории Казахстана,
член профбюро истфака,
председатель Клуба женщин-историков "Ана".

Мен қалаған мамандық

Адам санасында жатталар елеулі кезеңдерінің бірі, өзінің балалық шағы ғой. Алдыдағы өмірге көзқарас түзеп, өзін болашақтың білікті маманымен деп санайтын, тәтті де қайта оралмас сәттер, осы кезеңнің еншісінде.

Менде, табиғи талаптан туындайтын сан түрлі сауалдарға, мектеп қабырғасында-ақ жауап тапқан едім. Балаң көңілдің үміт жетегіне ілесіп, осынау кеілі қара шаңырақтың, қалауымнан шыққан осынау факультетіне табан тіредім.

Қоғамымыздың сан алуан қызмет көрсету органдары арасында мен тандаған мамандық - журналистика айрықша орын алуы тиіс.

Үнемі қозғалыстағы уақыт сарынына, дәуір үніне, жақанның жүрек лүпіліне құлақ түріп, дертті жерлерін тап басып ажырата аларлық шеберлік, аталмыш мамандыққа тиесілі қызмет. Жұртшылық көкейіндегі ой-толғақ мәселелер, қоғамның сырқат тұстары да көпшілік қауымның назарына жол тауып жатады. Өз кезегінде, елгезектік пен алғырлықты талап ететін бұл іс мен үшін халыққа қарыздарлық.

Ғадилеттілік жаршысы, қоғамдағы тепе-теңдік арақатынасының сақшысы - журналистика мамандығы қашанда келеңсіз көрініс беретін оғаш жайттармен қарсыласып келеді. Ортақ үйіміздегі барша ізгілік атаулыны ортақтастыратын ұйытқыда, теңсіздік пен әділетсіздіктің етек алуына кесе көлденең тұрар жігерлік қасиеттер де бір өзінен табылады. Ендеше мен қалаған мамандық осы болуы тиіс. Құш-қайратын ел тұтастығына жұмсайтын аталмыш сала, қашанда халық ұсынған өз туғырынан әсте төмендемеуі тиіс.

Шалқар ҚОЖАЕВ.

Тіл үйрену достыққа жол ашады

Бірнеше тілге маман құрбым Лина Шәкенқызының сөзімен

Қазақстан егемен ел болғалы бері экономикалық құрылысын өркендету, елін көркейту мақсатында көп мамандарын бұрынғыдай ТМД елдерінде ғана емес, әлем елдерінде немесе өзіндегі білім ордаларында жетілдіріп жатқаны мәлім. Ортақ өркендеудің, өзара өнеге алып, өріс ашудың заманында Қазақстанға алыс-жақындағы бар елдің бағалы тәжірибелері керек-ақ. Ал мұның басы тілге барып тірелері хак. Бір елдің тілін үйрену - сол елдің мәдениетін, тарихын, экономикасын, халқының психологиясын, ойлау жүйесін білу, яғни сол халықтың кез-келген бір өкілімен сөйлесе, достаса білу. Сөзімізге дәлел болу үшін көз көрген бір жайды айта кетейін.

Таяуда Алматыдағы Абылайхан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде 1998 жылы құрылған шығыс филология факультетінде өткен қытай тілі мен мәдениеті апталығына қатысудың орайы келді. Жылына бір болатын осы бір мәдениет күніне Қытайдың Қазақстанда тұратын елшілігінен саяси істер көмекшісі Шы Зы, мәдениет істер көмекшісі Жаң Жоң Хуа, факультет деканы профессор Құсайын Тынысбайұлы, тағы басқа да қонақтар қатысты. Залға толған студенттер арасында ҚазМУ-дің

Шығыстану факультетінің студенттері де болды. Болашақ дипломат, тіл, мәдениет мамандары осы күні Қытайдың классикалық комедияларынан бастап жаңылтпаштарын, эстрадалық әндерін айтып, байырғы өнеріне дейін қонақтар алдына жайып салды. Мәдениет күнін жүргізуші ҚазМУ-дің журналистика факультетінің аспиранты Раушан Әлімжанқызы студенттердің қытайдың тілін үйренуге, мәдениетін білуге ынталылығын қуана әңгімелеп өтсе, факультет деканы Құсайын Тынысбайұлы қытай тілі, мәдениеті сабағын 150-ден астам студент екінші мамандық ретінде, ал 20 студент бірінші мамандық ретінде алғандығын айтты.

Дүниені шарпыған өткен жылғы экономикалық дағдарыстан айналып өтіп ішкі өндіріс құнын 7,1% арттырған қытай экономистерінің үлгі тұтарлық жұмыс жүйесі Қазақстанға бәлкім осы ұл-қыздарымыз арқылы жетер.

Қоштаса барғанымда факультет деканы өртең көрістердің тіл, мәдениет апталығы, соңынан түрік тіл, мәдениет апталығының болатынын айтып, оған да қатысуымды өтінген еді. Ағамыздың игі ісіне ниетімді білдіріп оқу ордасынан аттандым.

Базан ҚҰДАЙБЕРГЕН

Жұпардың сағынышы

немесе студенттер қалашығымен таныстыру

ҚазМУ-дің табалдырығын аттап, үлкен шаңырақтың студенті атанған 1 курстықтар үшін таңсық дүниелер көп-ау. Айналасына көз тоқтатып ачау не, мынау не деп күнде сурақ тауып келетін Жұпар сіңілім бүгін көңіліздеу. "Үй ішін. бауырларымды сағындым" дейді көзіне жас алып.

Қиын да қызықты өмірдің басталғанын айтып, оның көңілін аулау үшін ҚазМУ қалашығын аралатып келемін. Әсем ғимарат - Студенттер сарайын көрсетіп, ондағы үздіксіз жұмыс істейтін үйірмелермен таныстырдым. Мәселен, "Фараби сазы" ұлт-аспаптар ансамблі, "Махаббат", "Спектр" бишілер тобы, "Шаттық" комедия театры жайлы әңгімелеп бердім. Оқу жылының басында үйірмеге қатысуға тілек білдірген өнерлі студенттер үшін сарайымыздың есігі әрқашан ашық қой. Сарай бой көтергелі бері сахнасынан ән-жыр үзілген емес. Жыл сайын өтіп тұратын студенттер фестивалі, көңілді тапқырлар клубы (КВН) десе, ішкен асымызды жерге қоятынымыз рас. Сонымен бірге еліміздің белгілі аншлерінің концерті, ақын-жазушылардың шығармашылық кештері, студенттер айтысы, би кештері жиі ұйымдастырылады.

Сабақтан шығысымен спорт комплексіне бара қалсаңыз, кең стадионда спорттың әр түрімен айналысып жүрген студенттерді көресіз. Кіре беріс жерінде спорт үйірмелерінің қестесі ілінген. Бос уақытыңда осында кел де, шыныға бер.

Одан берірек орналасқан үлкен асханада неше түрлі дәмді тағамдар дайындалады. Мұнда тамақтану үшін біраз студенттерге жеңілдіктер берілген. Мысалы, көп балалы отбасынан шыққан, әке-шешесінен бірдей айырылған, сондай-ақ қоғамдық жұмысқа белсене араласатын студенттер талон арқылы тегін тамақтана алады.

Қаз-қатар орналасқан жатақханалары да таза, жайлы. Осында оқитынымызға қай-қайсымыз да мақтана аламыз. ҚазМУ қалашығы туралы көзіммен көріп, көңіліме түйген осы әңгімеді мұқият тыңдап келе жатқан Жұпар көңілденіп, ауылдағы ата-анасымен сөйлесу үшін қалашығымыздағы байланыс бөлімшесіне беттеді.

Дәл осындай қалашықты танып жатқан Жұпар сіңілімнің сағынышы ұзаққа созылмасына сенген маңытқанға бет бұрдым.

Лаура.



Сарғайған газет сөйлейді

Жақында "Қазақ университеті" газетінің бұрынғы редакторларының бірі профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев редакциямызға газетіміздің 50-ші, 60-шы жылдардағы тігінділерін салтанатпен табыс етті.



Ол жылдарда біздің газет тек университет ішіне ғана тарағандықтан, міндетті

номерлері қажетті мекемелерде түгел дерлік қатталып, тігіліп, сақталмапты. Сөкең табыс еткен газет тігінділері де түгел деп айта алмаймыз, әйтсе де онда университетіміздің өміріне қатысты өткен жылдардың оқиғалары мен жаңалықтары, сол кезеңнің тыныс-тіршілігінен хабардар ететін қызықты материалдар баршылық.

Республикамызға танымал

ғалымдар, ұстаздар, ақындар, жазушылар қаламынан сол жылдары туған өр түрлі тақырыптағы материалдар бүгінгі ұрпақты да қызықтыратыны сөзсіз. Сондықтан да біз газетіміздің келесі сандарында Сөкең тапсырған сарғайған газет беттерінен уақыт сабақтастығы мен ұрпақ жалғастығына қызмет ететін өрі бүгінгі ұрпақтың да қажетіне жарайтын қызықты материалдарды көшіріп бассақ деген ойдамыз.

Егер бұл ниетіміз орындалып жатса, онда оқырмандарымыз да Сағымбай ағаға алғысын айтары сөзсіз.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:



Мектеп қабырғасында жүргенде ҚазМУ-дің бар екенін еститінбіз. Ол бізге шоқтығы өте биік ерекше оқу орны боп көрінетін еді. Сол оқу орнына түссем екен деген арман бір бүйірімде жататын. Менен 3 жыл бұрын Мұқатан Бастаубаев деген ағамыз журналистикаға түскен болатын. Сол

ағама үқсасам деп мен де ҚазМУ-дің филологиясына түстім. Университет қабырғасында көптеген өлеңдер жаздым. 3-курста өлеңдерім облыстық, республикалық газеттерде жарық көре бастады. М.Әуезов, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, Б.Шалабаев, Х.Сүйіншалиев, М.Балақаев, К.Ақанов, О.Төлегенов, Төлеуов, Кикбаев, Тұрғанбаевтардан білім алдым. Орыс әдебиетінен Жовтис пен Куровадан, Канафиевадан, шет ел әдебиетінен Веселовскаядан, Мадзигоннан, Герфсманнан дәріс алдым. Мәскен Сармурзина алай лекцияларымызға қатысып жүретін. Ол кісі тілекшім болды менің, қанаттандырды. Зейнолла Қабдолов менен үлкен үміт күтетінін айтатын, алдынан қия өтпейтінмін. Жақсылығын ешқашан

Әбіш КЕКІЛБАЕВ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Жыл тойы Көрген жұрт бала дейтін кеше. Міне, Есейдім еріп жылдың жетегіне. Жұртынан көшірді де балалықтың Қондырды жігіттіктің мекеніне. Өлшемен өскенімен бір басымның, Табысын өзім сүрген жыл,

ғасырдың. Өлшеймін күлкісімен шат жандардың, Санымен жаңа завод мұржасының. Тұғыры тұрған былтыр аласа үйді, Бітіріп, тарттық жылға жаңа сыйды. Тойлап ек өткен қыста үйленгенін, Жас жігіт бүгін той ғып бала сыйді. Кенелсін қуанышқа достар тағы, Кетпесін төрден тойдың дастарханы.

Жаңа жыл, жаңа тойлар әкел бізге Кім бізде той мен әннен бастартады. Жүзіме жиды жылдар шапак, нұрды,

Тоқтатып көрген емен шат әнімді. Кеңпейіл жылдар үшін көтеремін, Жаңа жыл тойындағы бокалымды. "За отличную учебу" ("Қазақ университеті"). Сәрсенбі, 1 январь 1958 ж.

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ Қырман



Қазақстан халық жазушысы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Қырман басы, қалың жұрт, Жұмысқа білек түр дайын. "Алып кет астық, түр тобайн", - деп жатыр қырда қолбайын. Қоңырқай тартқан еріндер, Шаң беттен көздер жылтырап. Шегеді шылым жігіттер, Газеттің шетін жыртып ап. Тебіндеп шыққан тыннан да, Молдығы қандай егіннің! Күліп жүр қыздар қырманда, Тойлары күзде көбінің. Зернопульд тіп-тік боратып, Бидайдан жаңбыр жауғандай! Дөңгелекті зырлатып, Сан "Зис" тек шыққан шаң қандай, Аралап соның барлығын, Кешетіп үйге келем мен. Тазалап жақсы-жаманын, Жасауға қырман өлеңнен.

"За отличную учебу" ("Қазақ университеті"). 8 март 1955 ж.

ұмытпаймын. Ұлы Әуезовтің көзіне түскенімді Әнуар Әлімжановтың мақаласын оқығанымда білдім.

Қазіргі алған атақ-дәрежем - барлығы ҚазМУ-ден алған білім, студент кездегі талпыныс, болашаққа деген зор үміттің арқасы. ҚазМУ мен үшін үлкен атам, анам сияқты. Студент шағымызда ҚазМУ-ді мақтаса екен, беделі одан да күшті болса екен дейтінбіз. Ал қазіргі ие болған атағына, оның абыройы бұрынғыдан да артып, беделі өсе түскеніне өзім іштей қуанам. Біз қартайармыз. Бірақ біздің ҚазМУ анамыз сол бізді оқытқан кезіндегідей жал-жас боп тұра береді. Өйткені оның есігін жыл сайын үміті мол жастар кеп ашады. Жастардың жанын әлдилеген ана еш уақыт қартаймайды.

Жазып алған Ақжібек ЮСУПОВА, 4 курс студенті.



Студент Тұманбай

Лирикалық шумақтар

Қарындасым, қарады деп сөкпеші, Қозғалмашы, сәл аялда, кетпеші. Тағы да бір көз тоқтатып қарайын, Есте қалсын көркемдіктің кестесі. Сенен басқа сұлуды да көп көрдім, Сезіміме от бердін-ау, от бердін.

II Көрмей қалсам бірер күн, Сағынамын жар сені. Жүрек сөзім, тілегім, Құлағыңа барса еді. Кейде сергіп тал бойым, Қиял қанат қағады. Жап-жасыл ойым, бала ойым, Өзіңді іздеп табады. Шаттық есіп өнімде, Қуанамын не үшін, Жарқын жылды өмірге, Тудың ба, сен, мен үшін.

III Көңіліме нұр беріп, Қадалғанмен от көзін. Тілі құрғыр күрмеліп, Айтылмай жүр-ау көп сөзім...

"За отличную учебу" ("Қазақ университеті"). 8 март 1955 ж.

Эйнштейннің өзі мойындаған Әлімжанов

Ла-Манш астындағы оқпандай бірнеше дәлізден өтіп, бірде тек екінші, бірде тек бесінші қабаттан жетер жолмен 418 кабинеттің есігін аштым. Өзіме таныс бұйра шашты жігіт ағасы орнынан тұрып, жылы шыраймен амандасты. Есен-саулық сұрады. Шапшағын бөлмеде - үш адам: Мұратбек Тұрлыбекұлы Әлімжанов, Айбар Мұратбекқызы Әлімжанова. Әкесі, ұлы, қызы. Үшеуі де Қазақ көлік және коммуникация академиясының оқытушылары. М.Т.Әлімжанов техника ғылымының докторы, профессор, деформациядағы қатты денелер механикасы және іргелі жалпытехникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, А.М.Әлімжанов техника ғылымының докторы, физика кафедрасының меңгерушісі, Жанна аға оқытушы, кандидаттық диссертациясын енді-енді қорғайын деп жүр.

Мұратбек ағамен әңгімелесудің өзі бір қызық, өз мамандығы, зерттеген саласы туралы сөз қозғағанда, балаға ертегі айтып отырғандай сендіріп, лабораторияда тәжірибе жасап отырғандай көзінді жеткізіп, нақты мысалдарды алға ойып әңгімелейді. Әрине, басқаға - гуманитарийлер тісіне жұмсақтау болғанымен, өзіне сюжеті қызық бір поэмадай. 1961 жылы біздің университеттің мехматын үздік төмамдағанын, оған ағасы Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжановтың кеңесімен түскенін, ғылым академиясында Орынбек Жаутиков ұйымдастырған математика-механика секторына жұмысқа қалдырылғанын жырдай қылып тізіп береді. Сол кездің романтикасы мен ауаны математикалық формулаларға сыйып тұрғандай... Текелі қорғасын-мырыш комбинатында талай-талай эксперимент жүргізіп, талай шырайлы тундерді ұйқысыз өткізіп барып "Жер асты жұмыстары орнықтылығын аналитикалық зерттеу" тақырыбына 1969 жылы кандидаттық диссертация қорғап шығыпты. Әр түрлі жер

қабаттарының өзіндік ерекшеліктері, тау жыныстарының қысымы, тіреулердің шыдамдылығы және т.б. факторларды есепке алу, болжау, оларды математикалық модельдеу сықылды тың, аса қажетті, экономикалық тиімділігі бірден көрінетін проблемаларды сол жылдары Шыңғыс Айтматовтың інісі - Ылғыз екеуі Текелі кеніштерінде бірге зерттепті. Ол да бір әсерлі естен кетпес шақ екен ғой дейді Мұратбек ағамыз ара-арасында.

Жас доктор Айбар да оқта-текте сөз қыстырып, осының бәрі математикалық ықтималдық, геология жне геофизикамен шек-қарсы араласып жатқанын маған ұғындырғысы келеді. Қандай қиын, қандай қызық? Академик П.Л.Капицаның бірде бұл проблеманы көз алдыға елестетуге болады, бірақ түсіндіру қиын дегені осындайdan шықса керек.

Дегенмен зейін қоя тындап отырмын. Керемет лекция еліктіріп әкетсе, қайтіп тыңдамасмын. Жезқазаған мыс кеніштері негізінде "Деформацияланған денелер тепе-теңдігінің орнықтылығы және тау қысымы мәселелері" атты докторлық диссертациясын Мұратбек аға КСРО ФА Сібір бөлімшесінде табысты қорғап, еліміздегі ең жас техника ғылымының докторы атанады. Небәрі отыз төрт жасында.

Мен қабырғадағы ілулі суретке қараймын. Галстук тақпаған, бітімі бөлек, дембелшелеу адам.

- Менің ұстазым, докторлық диссертациямның ғылыми кеңесшісі, техника ғылымының докторы Л.В.Ершов, орыстың мықты зиялысы, - деген түсінік алдым. Болса болар, кескіні қияпатты, түрі палуанға ұқсайды.

Енді әңгімені басқа арнаға бұрғым келіп, отбасы, бала-шағасы жайында сырт тарттым.

- Қытайлар секілді шектегіміз жоқ. Жеңген екеуміз бес бала әсірдік. Туңғышымыз Лилия өзім бітірген факультеттің түлегі, қазір Швецияда



Әкелі-балалы Мұратбек және Айбар Әлімжановтар

тұрады, одан кейінгі қызым Диля да ҚазМУ-дің қолданбалы математика факультетінің түлегі, қазір архитектура-құрылыс академиясында дәріс оқиды, үшінші қызым Лаура альма-матеріміздің механика-математика факультетін, одан кейін КИЭП-тің экономика факультетін бітірді, техника ғылымының кандидаты, докторлығын аяқтап қалды, қазір сол оқу орнында сабақ береді. Айбар да өзіміздің университеттің механика-қолданбалы математика факультеті қабырғасынан шыққан, еліміздегі ең жас техника ғылымының докторы. Кенжеміз Жанна - ол да сол факультетті төмамдаған, кандидаттық диссертациясын жазып бітірді, осы көлік және коммуникация оқу орнында дәріс оқиды, - деп Мұратбек ағамыз езу тартып қойды.

Мен таң қалдым. Бес баласы да еке жолын қуған, бәрі де ғалым, бәрі де механика-математик, бәрі де Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің бұрынғы шәкірттері.

- Мына Айбар ұлым мектепте оқып жүргенде, екі кемеңнің құйрығынан ұстай

жаздады. Математикаға да аса қабілетті, су спортына да аса бейім еді. Жаттықтырушысы үйге келіп, спорт саласына - жүзуге жіберіңіз деп, қиылып отырып алды. Мен өзі біледі, өзі таңдасын дедім. Бетін қақпадым, - үлкен Әлімжанов сөйлеп отырғанда, кіші Әлімжанов басын изеп қана қояды. Ибалық, әке пікіріне ден қоюшылық осы болар деп түйдім.

- Өз тағдырын, өз жолын қалап алды. Математика мектебін, университетті үздік аяқтады. Новосибирскіде докторлығын қорғады, қазір Қазақстан инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан халық академиясының (экология) толық мүшесі. Жасы отыз бірде. Анкеталық мәліметі - осы. Өзі бірдене қосар ма екен? - әкесі баласына қарады.

- Ой, папа, өзің туралы неге айтпайсың? Папам Альберт Эйнштейн атындағы халықаралық академияның толық мүшесі. 1997 жылы сайланған жалғыз қазақ. Дипломында он сегізінші нөмір тұр... Қазір екеуміз Батыс Қазақстан мұнай-газ саласындағы проблемаларды жолға қоюдың ғылыми мәселелерімен айналысып жүрміз. Бұрын мұнай-газ саласы бойынша ғылыми мамандарды Баку мен Башқортстанда ғана дайындайтын, қазір өзімізде техника және физика-математика ғылымы - Д 14.45.03. мамандығы бойынша докторлық диссертациялар қорғау кеңесін аштық. Оның төрағасы - Мұратбек Тұрлыбекұлы Әлімжанов. Тәрбиеленген шәкірттері қаншама. Бішкек сәулет-құрылыс академиясының деканы, ғылым докторы В.Свиденконы, өзіміздегі әскери академияның кафедра меңгерушісі, ғылым докторы О.Нуржумаевты айтсақ та жеткілікті, - дегенде, әкесі баласын болар-болар деп тежеп тастады.

Мен дәлізге шықтым. Зыр жүгірген шәкірттер. Біздегідей. Осылардың арасынан да әлі талай Әлімжановтар әулеті шығатын шығар.

Әлия ҚАМЗИНА, халықаралық журналистика бөлімінің 3-курс студенті.

А, ну-ка, вспомним...

Свою "Alma mater" - КазГУ, бывшие выпускники вспоминают с высокой любовью. Предлагаем вашему вниманию воспоминание группы практикующих журналистов, тех, которые ныне "делают погоду" на информационном пространстве страны.

РАХМЕТОВА Гульнара Гумаровна, зам.главного редактора "Казахстанской правды":

- С благодарностью вспоминаю альма-матер. До учебы в КазГУ у меня были смутные представления о газетном деле. Нам давали большой теоретический материал, особое внимание уделялось практике студентов. Хотелось бы отметить глубокое уважение к студентам со стороны преподавателей. Отношения между однокурсниками были очень теплые, добрые. Нас всех объединяли сплачивали совместные поездки на сельхозработы, стройотряды.

Людмила СКОРОХОДОВА, журналистка телеканала "Рахат":

- Нет никакого сомнения, что КазГУ, в составе которого 11 факультетов - лучший ВУЗ страны. Масса доказательств этому было и раньше и сейчас. Это сильные преподаватели, сплоченный коллектив, дружные студенты...

Татьяна РАУ, теле и радиоведущая:

- Любый ВУЗ определяется не своим названием, а профессорско-преподавательским составом. Преподаватели, которые обучали нас были очень сильные. На втором-третьем курсе мы были уже готовыми специалистами. У нас был сильный курс. Мы вместе ездили работать в стройотрядах на сельхозработы. Практику могли пройти в Новгороде, Москве, Ленинграде. Время было веселое и интересное.

Беседовала Гульсум КУНЕЛЕКОВА



АНА ТІЛІҢ - АРЫҢ

Сөз қазынаң - өз қазынаң

Сапархан МЫРЗАБЕКОВ,

Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры.

Халық: "Оқу - инемен құдық қазғандай" - дейді.

Сол инемен құдық қазғандай мейнаты мол жұмыстың бірегейі - сөздік жасау.

XVI ғасырда өмір сүрген француздың ақын, филологы Ю.Скаличер мұны жақсы түсініп, өлеңмен өрнектеген екен.

Мазмұны мынаған саяды:

Өмірін жазалының етіп тозақ,
Өлгенше шексін десең қайғы, азап.
Жазаның бәрін қой да сөздікке жек,
Кем емес бар бейнеттен соның өзі-ақ.

Кезінде 10 томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін" жасауға қатысып, бейнетін бөліскеніміз барды. Бір ғана сын есім қара сөзін жазы үшін картотека қорынан шаң басқан 16 жәшікті ақтаруға тура келген. Әр жәшікте 800-ге жуық көртішке (карточка) болады. Әр көртішкеде қажетті сөз немесе сөз тіркесінің мағынасын ашуға септігі тиеді-ау деген кемі бір сөйлем немесе бір шумақ өлең ұшырайды. Сонда әлгі бір ғана қара сөзін жазу үшін 13 мыңға жуық көртішкені оқып шығып, мағыналық жақтан саралап, топтап, сұрыптауға тура келген.

Ертеден қара кешке дейін шаң жұтып, тапжылмай отыру өз алдына, өзің біліп тұрған сөзді өзгеге қонымды етіп түсіндіріп беру, айтуға оңай болғанмен, қиынның қиыны екеніне көзіміз әбден жеткен. Сөйтіп, апталап, айлап отырып жазған әлгі бір (қара) сөз және оның қатысуымен жасалған тіркестер 10 томдықтың 20 бетін ғана алды. Қысқасы, түсіндірме сөздік жасаудың бейнеті шаш етекпен, қиямет.

Сонысына қарамай, қазақ филологтары бұл салада табандылықпен, жемісті еңбек етіп келе жатқаны аян, мақтаныш етуге тұрарлық.

Түркі тілдерінің ішінде алғашқы болып, алдымен екі томдық (1959-1961), одан соң 10 томдық (1974-1986) түсіндірме сөздік жасалды. Екіміне, ғасырлар тоғысында (1999 ж.) бір томдық "Қазақ тілінің сөздігі" дүниеге келді. Көлемі - 774 бет, таралымы - 3700 дана.

Сөздік тілдің сөз байлығын, мүмкін болғанынша, мол қамтып, әр сөздің мән-мағынасын тап басып, тұрғыс ашып берумен қатар, барынша ықшамды да ыңғайлы болғанға не жетсін.

Соңғы томы 13 жыл бұрын жарық көрген 10 томдық сөздік қолға түспейтін құнды дүниеге айналғалы қашан. Одан бері де ел өмірінде болып жатқан қым-ғуыт өзгерістер, жаңалықтар тілдің сөздік қорын қорландыра түскені аян.

Осындай тұста мынадай сөздіктің жарық көруі ұлттық мәні бар, ғажап құбылыс түрінде танылуға тиіс.

Сөздік - сөз қазынасының көрсеткіші. Сонау алпысыншы жылдарда ағылшын тілінде 400 мың, орыс тілінде 500 мыңға жуық сөз бар (Жуков Дм. Переводчик, историк, поэт. М., 1965.) деген сияқты лепірме сөзді оқып, қазақ тілінде қанша сөз бар екен деген ой мазалайтын. Лепірме сөз болатыны орыс тілінде содан бері неше сөздік шықты, алайда 500 мыңның ширегіне жуықтай қоятын түрі жоқ.

1963 жылы "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" жарық көрді. Соның бірінші бетінен 64 мың сөз бар дегенді оқып марқайып жүрдік. Кейін санап қарасак, 30 мыңға да жуымайды екен.

10 томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" көген (реестр) көрген сөздің саны - 67 мың, онымен қоса 25 мыңдай фразеологиялық тіркестер қамтылғаны айтылады (10-том, 500-бет).

Ал мына жаңа сөздікте "50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері қамтылған" делінген (әрине, сөз саны нақты көрсетілгені жөн болар еді). Сөйте тұра, ол 10 томдықтағы негізгі лексикалық байлықты бойына сіңіріп (жұтып) жіберген. Онымен қоймай, бұрын түрлі себептермен қалып қойған сан алуан сөздер, тәуелсіздік танымен ояңған тың сөздер де көген көрген.

10 томдықтың бір томдыққа солайымен (сол бойымен) сиып кету сыры мынада:

1. 10 томдықта сөздіктің "түсіндірме" деген атына сай келмейтін, мағынасы ашылмаған, әйтеуір қара көбейтіп, қарымын арттырып тұрған қимыл атауы, етіс формалары 22 мыңнан асып, әлгі 67 мыңның 33%-іне жуықтайды. Басқаша айтқанда, 10 томның үш томы тек осы формаларға арналған дәйек сөздерден (цитаталардан) тұрады деген сөз.

Оның үстіне көген сөздердің санын көбейтіп тұрған сөйлеу тіліне тән 2158, диалект, жергілікті деген белгімен мыңға жуық сөз берілген.

Сонда 10 томдықта лексикалық мағынасы түсіндірілмеген, түсіндірілсе де әдеби тіл талабына сәйкес келе бермейтін көген (реестр) сөздің саны 25 мыңнан асып жығылады деген сөз. Бұл 10 томның 3,5 томы "көбік" дегенге саяды.

Жаңа сөздік бұл көбікті қалқып алып тастаған.

2. Бірсыпыра грамматикалық формалар шегерілген немесе шектелген. Айталық, 10 томдықта - ушы формалы зат есім, сын есім сөздердің қарасы көбейіп кетіп еді: аңсаушы, арбаушы, арттырушы, ауытқушы, барушы, әуестенуші, аялаушы, аяушы т.б. Жаңа сөздікте бұлар жоқ. Сондай-ақ етістіктің - ыңқыра, -іңкіре, сын есімнің, сан есімнің грамматикалық формалары біршама шектелген. 10 томдықта әр сөздің тұсына грамматикалық (сөз тобы т.б.) белгілер қойылса, жаңа сөздікте ол жоқ.

3. Орыс тіліндегідей жазылып, айтылатын халықаралық деп аталатын сөздердің қатары да біраз кеміген. Негізінен орыс сөздері басталатын в, ф, х, ц, ч, з, ю, я әріптеріндегі сөздер 358-ге азайған. Өзге әріптерде де шығып қалған сөздер бар.

4. Он томдықта көгендегі әрбір сөзге кемі 2-3-тен, кейде 4-5-ке дейін дәйексөз (сөйлем) берілген. Сөздікті әсіресе қамптитып тұрған да осылар. Жаңа сөздікте бұл мүлде шектелген: көбіне бір қысқа сөйлем, не бір тіркес қана беріліп көген сөз



сызықшаға айналған. Содан да 10 томдықта 20 бетті алған қара сөзі және оның тіркестері жаңа сөздікте бір-ақ бет орын алған.

5. 10 томдықта фразеологиялық тіркестің құрамында қанша сөз кездессе, сонша жерде қайталанатын тұстары бар. Мысалы, аузың қайсы десе, мұрнын көрсетеді деген ауыз, мұрын, көрсет сөздерінде түсінік, дәйектемелерімен қаталанатын болса, жаңа сөздікте бір-ақ жерде ұшырайды.

Бұлардың бәрі, айналып келгенде, сөздіктің сапасына көп нұқсан келтірмей, көлемін барынша ықшамдауға ырық берген.

Сөздікте 10 томдықта кездеспейтін мыңдаған сөздер мен сөз тіркестері қамтылған.

10 томдықта диалект белгісімен берілген құжат сөзі жаңа сөздікте документ сөзін, бағдарлама программаны, әдіс, әдістеме, әдіскер метод, методика, методисті біржола ығыстырған. Ал класс - сынып, совет - кеңес, секретарь - хатшы, интернационалдық - халықаралық, т.б. бірсыпыра сөздер тайталас күйінде қалған. Бүгінгі өмір мәніне, сәніне айналған нарықтық экономика еленбей, бұрынғыша нарық, рынок қалпын сақтаған.

Сөздік жасаушылар картотекамен жұмыс істейді, соның құлы. Онда жоқ сөздер - ойда жоқ сөздер, көбіне қалып кетіп жатады. Сондықтан картотека қоры толассыз ағып жатуға тиіс. Бұл күнде қаражат қиындығы оны да тұралатып, тоқырауға ұшыратып отырғаны айтпаса да түсінікті.

Соңғы жылдарда баспасөз, әдебиеттер бетінде көне сөздер, көлеңкеде қалған, көрінеу ұмытылған, алуан түрлі этносөздер ере түрегеліп, халқымен қауышып жатыр. Бұл сөздер картотека қорына түсуге тиіс.

Тоқты тоймас, шөміш көппес. Сөздік те сөзге тоймас. Қанат ұшқан сайын жетіледі. Сөздік те толықтырып, жетілдіріп отыруды қажет етеді. Ол үшін арнаулы топ тұрақты жұмыс істеу керек.

"Қазақ тілі сөздігі" - қазақ лексикографиясының, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының зор табысы.

Еңбекте кемшілік жоқ деуден аулақпыз. Оның бір сыпырасы кезге шалынып та қалды. Ол өз алдына әңгіме. Сөздіктің жетіле беруіне көп боп үлес қосқанымыз абзал.

Ұлы Ахат (А.Байтұрсынов) ғасыр басында "Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер", - деп, зор қауіп қылған екен. Шүкір. Жұрт таныған Тәуелсіз ел болдық. Тіліміз мемлекеттік мерейге ие болды. Сөз байлығымыз - өз байлығымыз екенін жыға таныдық. Оның айғағы - ғасыр соңында дүниеге келген субелі еңбек - "Қазақ тілінің сөздігі".

ҚазМУ - ДІҢ ҚАЛАШЫҒЫ

Талапкер бала мен аспазшы апай

Біз бірнеше қыздар асханада кешкі ас ішіп отырмыз. Келіп-кетіп жатқан студенттер өте көп. Бір кезде асханаға ұзын бойлы қараторы ауыл баласы келіп кірді. Қарны ашыңқырап кеткен болуы керек, қолындағы заттарын шеткі бір столға қоя салды да, аспазшыға жетіп барды. Апай ас әзірлеп жатқан болу керек, көрінбейді.

Ол: -Апай, апай! - деп шақырды.

Аспазшы егде тартқан кісі екен, ақырын маң-маң басып жеткенше, ол шыдамсызданып барады. Аспазшы жетер-жетпестен (қарны сондай ашқан секілді) аман-сәлем жоқ, өзіне керекті тағамын сұрай бастады.

Апай тыңдап алып: - Балам, саған "сәлеметсің бе" керек жоқ па? - деді.

Бала түсінбей тұрып қалды. Біраздан кейін өзінің апайға амандаспағанын және өз үйі емес, көпшілік ортасында тұрғанын түсінген болуы керек, қып-қызыл болып кетті.

Апайдан көпшілік ортасындағы мәдениетті сақтамағаны үшін кешірім сұрап, өзі қажет еткен асын алып, столға отырды. Апай оның артынан сәл жымыып қарап басын шайқады. Сірә, апайдың есіне өзінің мектептен қайтқандағы баласының сумкасын төсекке лақтыра салып: "Мама, мама, тамақ дайын ба?" - деп айқайлайтыны есіне түсіп кеткен болу керек. "Анаң еркелеп үйренген құсын ғой" деді күбірлеп аспазшы апай.

А.ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ.

Жатақханада
өткен
шахмат
жарысы



Жатақхана - өз үйім

Біздің ҚазМУ-дің әр факультетінің өз жатақханасы бар. Мұнда жаңадан түскен студенттер болашақ әріптес аға-апаларымен қоян-қолтық араласа жүріп, тәлім үйренеді. Өз мамандығын тереңірек білуіне мүмкіндік жасайтын демалыс әрі жатын орын ішінде өзінің талантын да ұштайды. Әр жатақхананың өзінің студенттік кеңестері болады. Өзін-өзі басқаруға машықтандыратын жатақхананың ішкі жұмыстары осы кеңес арқылы жүзеге асады. Жиі-жиі әр түрлі тақырыпта кештер ұйымдастырылып, сан алуан жарыстар мен ойын-сауықтар өткізіледі. Осындай сәттерде студенттер өздерін танытады. Сонымен қатар жатақханаларымыздың орналасқан жерінің өзі өте керемет, айнала көк жасыл талдар, көк майса, қызыл-жасыл гүлдер көңіліңді көтереді. Асқақ Алатаудың етегінде орналасқан сүйікті жатақханамның ауласында туған жердің табиғатын сұлулығына сүйсінесің. Сүйсінесің де, "менің ҚазМУ-ім осындай" деп мақтаныш сезіміне беленесің.

Мадияр САУДАБАЕВ.



Сарайда
қалқыған ән,
шалқыған күй...

Өзімді асқақ сезіндім...

Алғаш ҚазМУ қалашығының табалдырығын аттағанымда ең бірінші көзім ректоратқа түскен. Оның алдындағы әдемі үлбіреген гүлдер, сарғыш тартқан ағаштар бәрі-бәрі өзінше ерекше көрінді. Ал Студенттер сарайы, оның әсем ою-өрнегі, жанындағы бассейн баяғы заман патша сарайларына ұқсап кеткендей болды.

Студенттермен кездесу кезінде алғаш кіргенмін. Ректорымыз Көпжасар Нәрібайұлы бізге арнап сөз сөйлеп, ыстық тілегін айтты. Көптеген студенттерге мақтау қағазын ұсынды. Мені шын ғажайып көріністер сан-алуан асқақ әндер мен мың бұралған билер, күмбірлеген күйлер арқылы жан-дүниемді одан сайын шалқытып әкетті. Қазақстанда қайталанбайтын Студенттер Сарайының ішінде мен өзімді асқақ сезіндім. Кештен шыққаннан кейін менің көңіл-күйімді ерекше құбылыс жайлап алды да, көпке дейін толқу үстінде жүрдім. Сол әсердің құшағында бүгінгі күнге дейін сүйікті сарайымда өтетін кездесу кештерінен, концерттерден қалмайтын болдым. Осында мен бұрын атын ғана естіп, көзім көрмеген атақты әртістер, әншілер басқа да өнер адамдарымен таныстым. Осындай адамдармен керемет кездесулер сыйлаған ҚазМУ-де оқитынымды мақтан тұтамын.

А.ҚАСЫМХАНОВА.



Биыл "Қазақ университеті" газетінің редакциясында филология факультеттерінің студенттері тұңғыш рет оқу-әңгірістік тәжірибе жинақтау кезеңінен өтті. Табиғат пен қоғам, адам мен адамзат арасындағы байланыстардың рухани кілтін табуға бойындағы дарынын жұмсауға талаптанған шәкірттердің төл газетімізде тәжірибе жинақтауын біз де қуана қарсы алып, олардың қаламынан туған балапан туындыларына қанат бітіруге тырыстық.

Алғашқы қаламнан туған туындылардың болашақта ел ризығына ұласатынына үлкен сеніммен бірнеше шығарманы оқырман назарына ұсынып отырмыз.

"Қазақ университеті" газеті.

Көктем

Еркінгүл
СОЛТАНАЕВА

Ұлттық кітапхананың оқу залында отырған оның ойын алдында бір төбе боп үйілген кітап емес, қарсы қатардағы жігіттер арбады. Олардың бірі самай шашын өсірген аққуба жігіт бұл жаққа әлсін-әлсін көз тастап қойып қызу сөзге кіріскен. Әңгіменің өзегі өзі екенін іштей сезіп, кітабын парақтауды сап тыйды да, дауыстарына күлақ түрді.

- О, өзі оқымысты болса керек, кітаптарын қара, қалың-қалың, - деді бірі.
- Мұндай қыздың жолында өлсең де бақыт қой! - дегенді естігенде Ажар азанда үтіктеуге ерінбей қызыл көйлегін киіп шыққанына қатты қуанды.

- Хат жазайық "атыңыз кім, қарындас?" деп.
- Ол ыңғайсыздау болар. Одан да "Сіздің көркем мүсініңіз, ай жүзіңіз бізді есімізден адастырды. Танысуға рұқсат етіңіз" де! - деп хатты жазып, орындықты түрткенде Ажар тәтті сөздерден басы айналып, мас болып, жеті қабат аспанда қалықтап жүрген.

- Қарындас, қарындас? - деген жігіт даусын естісе де Ажар кітаптан арыла алмай отырған адамша сәл үңіліп қарап отырып, паңдықпен басын көтерді.

- Қарындас, мына қағазды ар жағыңыздағы қызға бере салыңызшы, - деді анау.



Сягул
ҚҰРМАНҒАЛИЕВА

Көктегі қос көгершін

Гүлім мұндай сезімді бұрын-соңды басынан кешірмеген еді. Көктегі, қос көгершіннің биін тамашалап тұрған. Көгілдір аспан әлемінде қос ноқат болып көзге шалынған ақ қанат құстар, әсем қылықтарымен көз арбайды. Шіркін, мына көгершіндердей ашық аспанда қалықтап жүрер ме едік, - деп ақырын ғана күбірледі. Қасында тұрған Айдос ыстық демімен, құлағының түбіне келіп: "Гүлім, осы қос көгершіндей жарасымды жұп болсақ қой", - деп күшәқтай алды.

Шаттандырған "Шаттық"

Лаура ДӘУРЕНБЕКОВА

Мәдениетті қолдау жылына байланысты Студенттер сарайында балаларға арнап "Шаттық" комедия театры драматург Данияр Саламаттың режиссерлығымен "Ертегілер елінде, шаттық деген немене?" атты бір актылы қойылымын ұсынды. Бұл қойылым балалардың жүрегіне жол тауып, көңілдеріне шаттық ұялатты. Режиссердің жетістігі, бала санасындағы мыстан кемпір, қарақшылар қорқыныштың елесі болғанымен адамдардың мейірімділігінен жүректеріне шаттық орнайтынын нанымды етіп көрсетеді. Рольдерді шеберлікпен сомдаған студенттер Баян Керімбекова, Ерболат Әлқожаев, Еркінгүл Солтанаева, Ұлан Бәрібаевтарды ерекше атап өтуге болады. Аталмыш студенттер актерлық өнердің қыр-сырын меңгеріп, "Студенттер көктемі" фестивалінде де көрермен көңілінен шығып, алдыңғы орындарды иемденген еді. Әрине, жетістікке жету режиссер мен студенттердің еңбегінің нәтижесі болса керек. Оқу жылының басында үйірме болып құрылып, жыл аяғында театр дәрежесіне көтерілген ұжымға сәт сапар тілеп, алдағы уақытта көрерменді шаттыққа бөлер қойылымдар күтеміз.



Мен қалай газетті саптым?

Жазира БАЙБОЛАТОВА



Ағайдың тапсыруымен 10 газетті сату үшін қабылдау комиссиясының алдына келдім.

Саудадан ешқандай

тәжірибемнің жоқтығынан неден бастарымды білмей біраз тұрдым. Оның үстіне таныстарым кездесіп қалмас па екен деген қауіп де бар. Бір уақытта бұлай тұра бергеннен түк шықпайтынын сездім де, не де болса тәуекел деп, абитуриент баласын ертіп жүрген бір әйелдің жанына келіп:

- Сәлеметсіздер ме? Сіздерге газет қажет емес пе? ҚазМУ-дің барлық факультеттері жайлы мәліметтер бар, - деп жасқана сұрадым.

- Жок, - деп кесіп айтқан сөзі бетімді қайтарып тастағандай болды. Бұл сәтсіздіктен кейін газетімді басқа біреуге ұсынуға батылым жетпей тұрған

мені:

- Қызым, газетің сатыла ма? - деген дауыс елең еткізді.
- Маған біреуін берші. Неше тұрады? - деп әмиянын ашты.

Төңгені қолыма ұстатты да, газетін алып кеткені сол еді, тағы бір қыз келіп, ол да бір газет алып кетті.

Аяқ астынан саудамның қызып кеткеніне мәзбін. Алғашқыдай емес, кішкене батылдана бастадым.

- Алыңыздар, өкінбейсіздер. Газетте ҚазМУ жайлы барлық мәліметтер бар. ҚазМУ - Қазақстандағы ең алдыңғы университет, жай ғана емес, Ұлттық университет. Студенттер сарайы жанымызда, жатақханалары да жайлы. Мынау - университетіміздің төл газеті, республикаға тарайды. Алыңыздар, оқыңыздар, - деп сарнай жөнелдім. Сөзімнің әсерлі шыққаны соншалық, абитуриенттер газет сатып алғандарына тап бір оқуға түскендей қуанды. Олардың көңілін өсіргеніме бір қуансам, газетімнің бірі қалмай сатылғанына және қуанып үйге аяңдадым.

Жазушының жан сарайы не дейді?

Біз шығармашылықтың табиғатын ашу мақсатында белгілі жазушылармен де кездесу өткіздік. Олар біздің көкейіміздегі сұрақтарға жауап беріп, шығармашылықтың қыр-сырымен таныстырып, бағыт-бағдар берді. Яғни, біз үшін олармен бетпе-бет әңгімалесудің әсері зор.



Қалихан
ЫСҚАҚОВ



Әкім
ТАРАЗИ



Сайын
МҰРАТБЕКОВ,

1. - Алғашқы шығармаңыз жарық көргенде қандай күйде болдыңыз?

Қалихан Ысқақ: - "Журналист бола алады екенмін". Сенім пайда болды.
Әкім Тарази: - Алғаш жарық көрген кішкене кітабымды кәудеме басып, "енді жазушы бола аламын" деп қуандым.

Сайын Мұратбеков: - Алдымда көп қиындықтар тұрғанын білсем де жазуға талпындым. Яғни жігер пайда болды.

2. Жазуға отырғандағы сезіміңіз?

Қалихан Ысқақ: - Жазуға отырғанда бір әуен көкейімде тұрады. Сол әуенмен тербеліп отырып жазамын.
Әкім Тарази: - Ертеңгісін бір ән есіме түссе, кешке дейін ыңылдап жүремін. Жазуға отырмас бұрын, әдеби кітап оқып алып, содан соң бастаймын.

Сайын Мұратбеков: - Лирика көкейімде тұрады. Әр әңгіменің өз әуезі болады. Жазып отырған нәрсе ме оқушы илана ма, жоқ па? - деген сұрақ тұрады.

3. Жалғыздықтың шығармашылыққа әсері?

Қалихан Ысқақ: - Негізінде жалғыздық төзімің жеткенде жақсы.
Әкім Тарази: - Шығармашылық адамы - жалғыз. Жалғыздыққа күйіне, қуан. Жалғыздық - шығармашылықтың шарты.

Сайын Мұратбеков: - Жалғыздықта өмірге жаңа шығарма келеді. Шығармашылықта жалғыз болғанымен, көпке пайдан зор.

4. - Шығармашылығыңызда өз өмір баяныңыз кездесе ме?

Қалихан Ысқақ: - Міндетті түрде. Шынайы көрсетілмегенімен жүреді. Өмірдегі көзқарасың сияқты.

Әкім Тарази: - Менің бірде-бір шығарма ойдан шығарылған жоқ. Бәрінде де өз өмірбаяным бар.

Сайын Мұратбеков: - Шығармаларымның бәрі де автобиографиялық болып келеді. Кез-келген шығармада автор кейіпкер емес пе? Нақты өзім демесеніз, ең болмағанда үзігі жүреді.

5. - Сынға көзқарасыңыз қандай?

Қалихан Ысқақ: - Адам сынға көну керек емес, ойлану керек.

Әкім Тарази: - Шығарма жарыққа шыққанда, алдымен өзің сына, сосын өзгелер. Маған көбінесе "түсініксіз жазасыз" дейді. Әрбір сөйлемде үлкен мағына жатуы керек. Үш рет оқығанда түсініп қойса, несіне жазамын? Сынның пайдасы адамды жігерлендіреді. Әрине, өткір болса.

Сайын Мұратбеков: - Сынға әрқашан күлақ асып отыру қажет. Дұрыс айтылды ма, жоқ па ой көзімен қара.

6. - Шығарманы қағазға түсірмес бұрын, жас талапкерге не қажет?

Қалихан Ысқақ: - Сөздік қорың бай болсын. Жазатын нәрсе көп. Қалай? Қайтып жазам екен? - деп қиналу керек. Сюжетің басында пісіліп жетілген соң, қолыңа қалам ұста.

Әкім Тарази: - Сендерге өмірбаян керек. Адам паровоз, самолет сияқты. Ішінде қайнай берсең, жарылып кетесің. Барыңды сыртқа шығара біл.

Сайын Мұратбеков: - Өзіңді өзің іштей тәрбиелеуің керек. Іштей бағаң болсын. Бағаң балалық шақтарыңнан шығады. Әркім өз өмірінің тарихысы. "Адам жылқы мінезді" деп жөй айтпаған. Адамның жан дүниесі құбылып отырады. Әсіресе шығармашылықтың адамы. Әрқашан өмір сүріп отырған ортаңды зерттеуден жалықпа.

7. - Болашақ жазушыға айтарыңыз?

Қалихан Ысқақ: - Әдебиет теориясын жақсы біл. Оқырман қармен бірге еріп, жаңбырмен балқып кетуі керек. Адам табиғаттың бір бөлшегі. Өзінің жаныңды қалай оқысаң, табиғатты да солай оқы, яғни табиғатты сезінуге күш салу керек.

Әкім Тарази: - Сезімшіл болыңдар. Бірақ ішінде көп жүріп қалсаң, адасасың. Жалықпай, қорықпай жаза бер. Жазушы жазғанына қанағаттанса, онда ол жазушы емес. Өз жанына үңіле біл. Тазалығыңды да, көлеңке жағыңа түсіре біл. Жазушылық - шыңы да биік, дауы да мол азапты мамандық. Күтпесе, аялай алмаса, талант еспейді. Күнбе-күнгі еңбек, профессионалды шыңдалу керек.

Сайын Мұратбеков: - Әр нәрсені шығармашылық тұрғыда ойлау керек. Шын жазушы адамдардың пікірін тыңдап, сабақ алғаны дұрыс. Қайта-қайта жазудан жалықпаңдар. Жазғаныңнан ләззат алады, жасарады. Жазбас бұрын көкейінде сұрақ тұруы керек. 1. Мен не жазып отырмын? 2. Мұны кім оқиды? 3. Қалай жаздым?

Оқырман таңғалып, тамсанып оқысын деп жаз. Жатпай-тұрмай іздену, оқу, илану керек...

Лаура ДӘУРЕНБЕКОВА,
филология факультетінің студенті.

Качество соответствует гос.стандартам



Ж.ДАДЕБАЕВ,
декан филологического
факультета, профессор

На факультета проведена большая работа по совершенствованию учебного процесса, его научного и методического уровня, качества подготовки

специалистов. На факультете ведется подготовка специалистов по специальностям: 1) Казахский язык и литература; 2) Русский язык и литература; 3) Литературное творчество; 4) Переводческое дело; Факультет является крупным учебным, методическим и научным центром отрасли. По состоянию на 1 марта 2000 г. контингент студентов составляет: 836-чел. по бакалавриату, в том числе 478-чел. по дневной форме обучения; 68-чел. по магистратуре, в том числе 55-чел. по дневной форме обучения. Всего 904 студентов, в т.ч. 171 студента на договорной основе и 25 иностранных студентов.

В структуре факультета - 9 кафедр, 7 из которых возглавляют доктора наук, профессора, 2 - кандидаты наук, доценты. Имеются учебные кабинеты, временный научно-исследовательский коллектив.

Улучшение качественного состава научно-педагогических кадров и обеспечения учебного процесса научной, учебной и методической литературой позволило достичь на факультете высокого качества лекционных занятий и устойчивых показателей успеваемости студентов.

По итогам работы аттестационной экспертизы профессиональных образовательных программ по направлениям 0212 - Казахский язык и литература, 0213 - Русский язык и литература, 0220 - Литературное творчество, 0214 - Переводческое дело можно сделать следующие выводы:

Содержание профессиональных образовательных программ подготовки соответствует требованиям Государственных образовательных стандартов по представленным к аттестации направлениям.

Качество выпускаемых специалистов соответствует требованиям, определенным Государственными образовательными стандартами.



Шетелдік жоғары оқу орындары - Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің әріптестері

АҚШ

*Оклахома мемлекеттік университеті
*Евразия және Шығыс Еуропа зерттеулері жөніндегі Ұлттық кеңес

ҚЫТАЙ

*Шэньань университетінің педагогикалық институты
*Ланьчжоу университеті
*Чжэньчжоу университеті
*Жэньминь университеті
*Шанхай университеті
*Сиань инженерлік институты

ЖАПОНИЯ

Жапон елшілігінің ынтымақтастық қоғамы

ТҮРКИЯ

Анкара университеті

ГЕРМАНИЯ

*Р.Шуман атындағы Страсбург университеті
*Дармштадт қаласындағы Техникалық жоғарғы оқ орны

РЕСЕЙ

*Ломоносов атындағы ММУ
*Ресей Халықтар достығы университеті
*Новосибирск Мемлекеттік университеті

1999-2000 ж.ж.



ИРАН

Тегеран университеті

ЕГИПЕТ

Аль-Миния университеті

КОРЕЯ

*Чоннам университеті
*Кенг-Сан университеті

ПОЛЬША

*Варшава университеті
*Адам Мицкевич атындағы Познань университеті

ИСПАНИЯ

Алкала университеті

ӨЗБЕКСТАН

*Мирзо Улықбек атындағы Ташкент Мемлекеттік университеті
*Қарақалпақ Мемлекеттік университеті

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ

*Қырғыз Мемлекеттік Ұлттық университеті
*Ыстықкөл мемлекеттік университеті

Жарнама

Ойлы оқырман!

Жақсылықтың жанашыры, жаңалықтың жаршысы,
төл басылымыңыз -
"Қазақ университеті" газеті
республикалық мәртебе алды, енді бүкіл
Қазақстанға тарайды.

- Егер Сіз республиканың, әлемнің соңғы жаңалық-тарымен танысқыңыз келсе;
- Егер Сіз республикадағы барлық жоғары оқу орындары мен арнаулы білім ордаларымен байланыс жасағыңыз келсе;
- Егер Сіз ғылыми танымыңызды кеңейтіп, эстетикалық талғамыңызды көтеремін десеңіз;
- Егер Сіз өз шығармашылығыңызды танытқыңыз келсе;
- Егер Сіз көкейіңіздегі жалпыға ортақ мәселелерді өзгелермен бөлісе алмай жүрсеңіз;
- Тіпті Сіз жаныңызға ең жақын адам іздесеңіз, өзіңізге аяулы адамды құттықтағыңыз келсе;
хабарландыру таратамын, жарнама беремін десеңіз

республикалық ғылыми-танымдық
"Қазақ университеті" газетіне жазылыңыз.

Жазылу бағасы бір жылға - 370 теңге.
Индексі 65989; форматы - А3; Көлемі 8 бет.

Реклама

Дорогой читатель!

Ваша родная газета -
глашатай новостей и трибуна добрых вестей
"Қазақ университеті"
получила республиканский статус, теперь она
будет распространяться по всему Казахстану.

- Если Вы хотите знать последние республиканские и мировые новости;
- Если Вы хотите держать связь с высшими учебными и специальными заведениями республики;
- Если Вы хотите расширить свои познания в науке и повысить эстетический вкус;
- Если Вы желаете показать свои творческие способности;
- Если Вы хотите поделиться с широкой общественностью, с давно волнующими Вас проблемами;
- Даже если Вы ищете духовно близкого Вам человека, если хотите кого-либо поздравить; желаете напечатать объявление, дать рекламу

подпишитесь на научно-познавательную
газету
"Қазақ университеті".

Годовая цена подписки - 370 теңге.
Индекс 65989; Формат - А3; Объем 8 бет.

Сыннан сүрінбей өткенбіз...

- Нұржамал Әбдіразаққызы, университеттің Шығыстану факультеті республикамыздағы бірден-бір шығыстанушы маман даярлайтын факультет және басқа факультеттермен салыстырғанда құрылғанына көп болмаған жас факультеттің қатарындасыздар, жақында өткен мемлекеттік аттестация сіздер үшін қалай өтті?

- Иә, дұрыс айтасыз, біздің факультет тәуелсіз елімізде алғашқы болып шығыс тілін меңгерген мемлекеттік құрылымдар мен ғылыми мекемелерге, оқу орындарына, түрлі фирмалар мен бизнестік құрылымдарға да қажетті шығыстанушы маман даярлап жатқан факультет. 1994 жылы алғашқы түлектерімізді даярлап шығарған едік, олар жоғарыда аталған салаларда абыроймен еңбек етіп, сенімімізді ақтап жүр.

Ал университетімізді аттестациялауға келген мемлекеттік комиссия назарына факультет ұжымы үлкен жауапкершілікпен әзірленіп, осы он жыл ішінде жинақтаған тәжірибелерін, қол жеткізген жетістіктерін өз деңгейінде көрсетуге тырысты. Факультетіміз "0221 - Шығыстану" мамандығы бойынша маман кадрлар даярлауға қажетті барлық оқу-методикалық құжаттармен қамтылған. Мамандықтың мемлекеттік стандарты мен типтік оқу жоспарларының авторы ретінде өзімізде ғана емес, республикамыздағы шығыстанушы маман даярлағысы келетін барлық оқу орындары ұсынған оқу жоспарына ұсыныс-пікір береміз. Ал 1999 жылдан бастап "0206 - Елтану" мамандығы (шығыс елдері) бойынша мамандар даярлауға кірістік. Комиссия осы мамандықтарды даярлауға қажетті барлық құжаттарымыздың жоғарғы талапқа сай екендігін атап өтті.

Нұржамал
АЛДАБЕК,
шығыстану
факультетінің
деканы



Сонымен қатар шығыстанушы маман әзірлеп жатқан ұстаздарымыздың ғылыми-методикалық дәрежелерінің де жоғарғы деңгейде екеніне куә болды. Ғалым-ұстаздарымыз республикамызда алғашқылар болып шығыстанушы маман даярлауға қажетті 3 оқулық, 18 оқу құралын, 22 типтік бағдарлама, 8 монография және "Университет хабаршысы" журналының "Шығыстану" сериясының 12 нөмірін жарыққа шығарды. Көптеген ірі-ірі халықаралық гранттарды жеңіп алып, шетелдерде ғылыми ортада білімін жетілдіріп, баяндамалар жасап қайтып жүр.

Университетіміз дүниежүзінің көптеген елдерімен байланыс орнатқан, соның бір саласы ретінде біздің факультетіміз шығыс елдерінің ірі-ірі университеттерімен байланыс орнатып, нәтижесінде студенттеріміз 3 курстан кейін өздері тілін оқыған елдерге тіл үсарту үшін 1 жылға барып қайтып жүр. Бұл жас маманның тілді жетік меңгеруіне септігін тигізерін айтпаса да түсінесіздер. Сондай-ақ Алматыдағы шетелдік елшіліктермен тығыз байланыс орнатылып, олардың тікелей көмегімен 8 оқу-кабинеті оқуға қажетті барлық құралдармен толық жабдықталды. Студенттердің тілді жетік меңгеріп, оқыған елінің мәдениеті мен тарихын, экономикасы мен саясатын терең меңгеруіне жан-жақты жағдай жасалып жатқанын комиссия жоғары бағалады. Студенттеріміздің білім деңгейінің де жоғары екеніне көз жеткізді.

- Әңгімеңізге рахмет.

Өз тілшіміз.



Қаирдағы әл-Азхар университетінің профессоры Фарух Танттауи бізде дәріс береді.

НАШ СОЦ.ОПРОС:

1. Оправдались ли ваши ожидания?
2. Что вы хотели изменить в системе обучения?

МЕХ. МАТ

(Опрошено 50 человек из разных курсов)

1. Большинство опрошиваемых довольны методикой преподавания.
2. Увеличить часы иностранных языков; добавить пары по информатике, убрать большую систему.

ФИЗИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

(Опрошено 73 человек)

1. Довольны.
2. Добавить гуманитарные дисциплины (психологию, изучение мифов Древней Греции); увеличить языковую и практическую нагрузку. Усовершенствовать приборы в лабораторном корпусе.

ХИМИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

(Опрошено 120 человек)

1. Довольны.
2. Поиметь приборы в лабораториях, увеличить часы информатики, добавить велоспорт на физ.воспитании. Хотелось бы иметь студенческие билеты на весь срок обучения; желательно бесплатный интернет т.к. Это преграждает полному более усовершенствованному восприятию материала.

Опрос провела
Мария БАРОШИНА.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ мемлекеттік ұлттық
университетінің ректораты және
журналистика факультеті.
Газет Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат
министрлігінде тіркеліп, № 1242 күәлік
берілген.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор -
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;
Бас редактордың орынбасары -
Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,
Жауапты хатшы -
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Теруші-көркемдеуші -
Айтгүл БАБАСОВА;
Фототілші -
Арман СӨРСЕНБІЕВ.
Немірдің кезекші редакторлары -
Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Л.С.АХМЕТОВА - проректор;
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ - проректор;
Е.ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана
директоры;
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - декан;
Н.ОМАШҰЛЫ - декан;
В.М.БОЛДЫРЕВ - декан;
Б.ЖАҚЫП - кафедра меңгерушісі;
Д.АБАЕВ - студенттік кәсіподақ ұйымының
төрағасы.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 10- қабат,
1008 бөлме. Тел.: 1194.

Немір "Полиграфсервис" баспасында
(Жандосов көшесі-55)
25.09.2000 күні басылып шықты.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т.

Индексі 65989. № 324 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор
пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.